

**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)
МЕН**

**ОРТАЛЫҚ ЕУРОПА УНИВЕРСИТЕТІ
(БУДАПЕШТ, ВЕНГРИЯ)**

**АРАСЫНДАҒЫ
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректоры Сыдықов Ерлан Баташұлы бір тараптан және екінші тараптан **Орталық Еуропа университеті** атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректоры Джон Шаттук, ары қарай «Тараптар», ал жеке түрде «Тарап» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (ары қарай – «Меморандум») және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1 бап

Екі университеттің арасында өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

2 бап

Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

- білім алу, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тағылымдамадан өту, оқу-өндірістік және ғылыми тәжірибеден өту үшін бакалаврлар, магистранттар, PhD докторлар, оқытушылар және зерттеушілермен академиялық алмасу; кәсіби (оқу-өндірістік, өндірістік, зерттеу, дипломалды, педагогикалық) тәжірибелер;
- өзара ортақ мүддені көздейтін салада жоғары білікті ғылыми педагогикалық кадрлар мен мамандарды даярлауда ынтымақтастық;
- нәтижесі Тараптардың диплом беруі түрінде болатын, бакалавриат пен магистратура деңгейінде қос дипломды білім беру бағдарламасын дайындау аясындағы ынтымақтастық;
- нәтижесі ортақ PhD бағдарламасын ашу болатын PhD бағдарламасын дайындау саласындағы ынтымақтастық;



- тарап өкілдерін дәріс оқуға, оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат пен тәжірибе, сонымен қатар оқу жоспарлармен, бағдарламалармен алмасу үшін шақыру;
- Тараптардың профессорлық-оқытушылық құрамы мен әкімшілік құрамның «онлайн» режимінде дәрістер оқу;
- қазіргі заман салаларының өзара әрекеттесу мен даму мәселелері бойынша онлайн дәрістер ұйымдастыру және өткізу;
- магистрлік және докторлық диссертацияны жазуда, PhD докторы ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертация жазуда ғылыми кеңес беру және қос жетекшілік ету үшін профессорлық құрамды тарту түрінде біріккен ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізу;
- біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, тараптарға арналған күндер және білім беру облысында өзге де бастамашылықтарды жүргізу;
- біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша оқу-әдістемелік материалдарды, зерттеулерді жариялау;
- басылымдармен, ғылыми зерттеулермен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен, периодикалық басылымдармен өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;
- егер ол Тараптардың жарғылық міндеттеріне қайшы келмесе, тараптардың қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;
- ЖОО басқаруда қазіргі әкімшілік әдістерді енгізе отырып, университеттік басқарма мен құрылымдарды жетілдіру үшін әкімшілік құрамды шақыру;
- білім берудің қашықтықтық нысанын жүзеге асыру;
- тараптарда жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының шеңберінде гранттар алуға ортақ мәлімдемелер дайындау;
- тараптардың сайттарында сілтемелер орналастыру;
- тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарды хабарлау;
- визалық қолдау көрсету.

3 бап

2 Баппен белгіленген іс-шараларды жүзге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

4 бап

Осы Меморандум жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру тараптарын ықтималды ресурстары мен қаржылық қолдауына байланысты болады.

Тараптар қаржылық әріптестерді, сонымен қатар қорларды тарту мүмкіндігін қарастырады.

5 бап

Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулердің енгізілуі Тараптардың өзара келісімімен оның ажырамас бөлігі бола алатын және тиісті тәртіпте рәсімделген, Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қойған қосымша келісім арқылы жүзеге асырылады.

6 бап

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып Тараптар қатысушы елдердің заңдары мен ережелерін сақтайды.

Меморандум шеңберінде туындайтын даулар университеттер арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

7 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімінде іске асады. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімінен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум бес жылға ұзартылуы мүмкін.

8 бап

Осы Меморандум үш нұсқада: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалады, сонымен қатар мәтіндер бірдей заңды күшке ие болады.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық Университеті

Ректор
(Сыдықов Ертан Баташұлы)

Күні: _____ 2013 г.



Орталық Еуропа университеті

Ректор
(Джон Шаттук)

Күні: «__» _____ 2013 г.



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)
МЕН**

**ОРТАЛЫҚ ЕУРОПА УНИВЕРСИТЕТІ
(БУДАПЕШТ, ВЕНГРИЯ)**

**АРАСЫНДАҒЫ
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ ҚОСЫМШАСЫ**

**Еуразия жобасындағы KF Global E-School
Жалпы сипаттама**

Жоба мақсаты:

Еуразия жобасындағы KF Global E-School корейтану саласы бойынша оқыту басымдығына ықпалдасу үшін және қоғамдық білімдерге аса ден қоятын әлемдік класстың иновациялық оқу жоспарын дамытуды қолдайтын бүкіл Еуразия аумағында электронды мектепті бастауға ұмтылуда. Орталық Еуропа Университетінің (Венгрия, Будапешт) үйлестіруімен Батыс, Орталық және Шығыс Еуропадағы жоғары білім мекемелерінің қозғалу желісі жобаны жүзеге асыру мақсатында Орталық Азия мен Таяу Шығыста орнатылды.

Алғышарты

Корейтану саласы бойынша гуманитарлық ғылымдарды(негізінен лингвистика, тарих және әдебиет, мәдениет кеңірек) дамытуда соңғы он жылдыққа аса мән берілді. Аз болса да өсіп келе жатқан ғалымдар қауымдастығы қоғамдық ғылымдарда пайда болды, десе де олар корейтану саласында әдетінше аса маңызды болған жоқ. Бұл- ішнара студенттерге қажетті деңгейде талаптардың қойылмағандығы мен факультеттегі критикалық масса жетіспеушілігінің салдары. Жобаның басты идеясы- университеттер, студенттер, корейтану мен әлеуметтік ғылымдар арасындағы жарыс айтарлықтай жаңа Еуропа, Таяу Шығыс, және посткеңестік кеңістік секілді ғылыми аймақтарды біріктіре отырып, қолда бар қорды тиімді пайдалану. Тіпті бес жыл бұрын Кореямен жұмыс істейтін әлеуметтанушылар желісі Еуропада да, посткоммунистік Еуразияда да болмаған еді.

Электронды мектеп бір мезгілде жоғарыда көрсетілген студенттер мен факультет мәселесін шеше алады:

- Студенттер тарапынан қарасақ, электронды мектеп корейтану бағдарламасының түпкі мәселесіне бағытталады: аз көлемде Азия мен Еуропаның бірнеше университеттеріне тарап кеткен студенттердің критикалық массасын құру және қолдау;

